



РУХАНИ
ЖАҒЫРУ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІН ТҰТЫНУЫ**Байдақұлов Нұржан Алматыұлы**

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, әлеуметтану мамандығының 1 курс магистранты

e-mail: baydakulov95@mail.ru

Ғылыми жетекші – Смағамбет Б.Ж.

Соңғы жылдардағы еліміздің қаржы жүйесіндегі өзгерістер халықтың экономикалық ғадетінің маңызды түрі – қаржылық әрекеттің дамуы мен мазмұнын зерттеуге себеп болды. Қаржылық әрекет азаматтардың материалдық жағдайы мен мемлекеттің, өңірлердің әлеуметтік-экономикалық деңгейінің көрсеткіштерінің негізгі факторына айналды. Қаржылық қызметтердің және ұсыныстың диверсификациясы оны тұтынудағы тәжірибелердің стандарттарының күрделенуіне алып келді. Осы тұста әлеуметтанулық зерттеулер әр түрлі әлеуметтік топтардың қаржылық ғадетінің өңірлік ерекшеліктерін анықтауға, ұстанымдарын білуге мүмкіндік береді.

Әлеуметтануда индивидтердің ғадетін зерттеумен айналысқан ғалым - Макс Вебер. Вебер «әлеуметтік ғадеттің» төрт типін ұсынады: мақсатты-рационалды, құндылықты-рационалды, аффективті және дәстүрлі. Мақсатты-рационалды ғадет – идеалды тип болып саналады. ХХІ ғасырдағы адамдардың шаруашылық жүргізу ғадетін сипаттайтын болсақ: заманауи адам өз қажеттілігін ынталандыруда тәуелсіз; жеке пайдасын көздейтін эгоист; салыстырып барып, таңдау жасайтын рационалист; толық ақпараттанған. Бұл сипаттама Вебердің мақсатты-рационалды ғадетімен сәйкес. Америкалық әлеуметтанушы Дж.Смелзер әлеуметтану ғылымының экономиканы зерттеудегі басты мақсаты – индивидтердің материалдық игіліктерді, байлықты және шектеулі ресурстарды тұтыну, айырбастау, бөлу және өндіру сияқты ғадетін кешенді зерттеу [1]. Индивидтер әлеуметтік алаңда өз бойындағы капитал мен тәжірибесіне сүйене отырып, әрекет етеді. Экономикалық әлеуметтануда қаржылық ғадетті зерттеу индивидтердің ақшаға қарым-қатынасы, рационалды таңдау және ресурстарды бөлу туралы аспектілері тұрғысынан қарастырылады. Ол үшін экономикалық әлеуметтанудағы ақша туралы негізгі теорияларды қарастыру маңызды. Ақшаның қоғамдағы рөлі туралы терең зерттеген алғашқы әлеуметтанушы – Георг Зиммель. Оның «Ақша философиясы» жұмысында қаржыны иелену мен жұмсау адамдар арасындағы оқшаулануды тереңдетеді, қоғамдағы әлеуметтік байланыстардың беріктігіне тікелей әсер ететіні туралы жазылған. Зиммель ақшаның табиғатын түсіндіріп, оның индивидтер арасындағы қарым-қатынастағы көрінісін жазады. Оның айтуынша, ақша абсолют тәуелсіз. Ақша адам бойындағы мақсатқа жетудегі басты құндылыққа айналды. Зиммельдің тұжырымдамасына сәйкес «капитализмнің рухы» - ақша мен интеллектінің үстемдік етуі[2]. Зиммельдің ғылыми ойын жалғастырып, ақшаға әлеуметтанулық талдау жасаған америкалық әлеуметтанушы В.Зелизер. «Ақшаның әлеуметтік мәні» еңбегінде ғалым ақшаны төлем құралы және ақшаның әмбебап қасиетінен гөрі көптілігіне, шектеусіз болуына назар аудару қажеттігін алға тартады[3].

Қаржылық ғадет – экономикалық әрекеттің ерекше түрі. Ол индивидтердің ақша ресурстарын тұтыну, бөлу және инвестициялау сияқты қаржы нарығындағы қызмет түрлерін пайдалану тәжірибесін білдіреді. Қазіргі қазақстандық қоғамда қаржы нарығы ұсынатын несие және оны тұтыну қызметтері индивидтердің қаржылық ғадетінің үлгісі ретінде зерттеуге болады. Қаржылық ғадетке әртүрлі факторлар әсер етеді. Объективті факторларға қаржы институттарының жағдайы, инфляция деңгейі, пайыздық мөлшерлемелер жатса, субъективті факторларға халықтың банктерге сенім деңгейі, оған әсер ететін индивидтердің әлеуметтік-демографиялық ерекшеліктері.

Қазақстандықтардың қаржылық ғадетіне талдау жасау үшін арнайы Астана және Тараз қалаларында жүргізілген әлеуметтанулық сауалнаманы пайдаланамыз. Жалпы сауалнаманың құрамында зерттеу жұмысында орын алып отырған мәселелерді шешуге

қатысы бар негізгі 20 сұрақтан және 6 сұрақ әлеуметтік-демографиялық бөлім. Сауалнамаға Астанадан – 75, Тараздан – 60 респондент қатысты. Сауалнамаға Астана және Тараз қаласында жалпы саны 135, әртүрлі отбасылық жағдайлардағы, 18-45 және одан ересек жастағы респонденттер қатысты. Ер адамдар саны- 67, әйелдер саны – 68. Жас ерекшеліктеріне қарай 18-22 жас аралығында - 30 адам, 23-29 жас аралығында – 40 адам, 30-38 жас аралығында – 41 адам, 38-45 жас аралығында – 20, 45 және одан да жоғары – 4 адам қатысты.

Сауалнамадағы негізгі қызықтырған сұрақтардың бірі – соңғы он екі ай ішінде қазақстандықтар тұтынған қаржы қызметінің түрі. Респонденттердің 56% несиелік және несиелік қызметтерді көрсетті. Астана және Тараз қалалары бойынша бұл көрсеткіштің деңгейі бірдей. Бұл елімізде банктер ұсынатын қаржы қызметтерінің ішінде несиенің басым екендігін білдіреді. Соңғы уақытта несиелік ғадетті зерттеу ерекше маңызға ие болуда. Несие және несиелік қарталар бойынша қызметтер адамдардың ақшаны белсенді тұтынуына себеп болып отыр. Ендеше, қазақстандықтар несиені қандай мақсатта тұтынады деген сұрақ бойынша респонденттер жауабында материалдық жағдайды жақсарту (пәтер сатып алу, автонесие, тұрмыстық техника және т.б.) барлық респонденттердің респонденттің ішінде – 32%, ал кәсіппен айналысу үшін несиені тұтынағандар - 29%. Тағы маңызды сұрақтардың бірі бір несиелік алу арқылы екінші несиені жабу - 17%. Несиені тұтыну қазақстандықтардың тұрмыстағы басты қажеттілігін қамтамасыз етуге жұмсалады.

Қаржылық қызметтерді тұтыну қазақстандықтар үшін маңызды болғанымен, қаржы институттарына деген сенімнің орта деңгейде екенін анықтадық. Бүгінгі күні қаржы қызметтерін тұтыну үшін қолайлы уақытқа талдау жасалса, «Өте жақсы» – Астана қаласы бойынша – 13%, Тараз қаласы бойынша – 11%, «жақсы» – Астана қаласы бойынша – 44%, Тараз қаласы бойынша – 16,5% респондент, «жаман» – Астана қаласы бойынша – 27,5%, Тараз қаласы бойынша – 80% жауап берген. Бұл жауаптан байқайтынымыз қазақстандықтар ақшаны банкте сақтаудан бұрын, үйде қолма-қол сақтағанды дұрыс көреді.

Қаржы қызметтерін тұтынудағы кедергілер мен мәселелер индивидтердің қаржылық сауаттылығының төмендігінен, ақпараттанбағандықтан болады. Сауалнамада респонденттерге қаржы қызметтері туралы ақпаратты қайдан алатыны туралы сұрақ қойылды. Сауалнамада респонденттердің 38%– осындай қызмет түрін пайдаланған туған-туысқандардан деп көрсеткен көрсеткен. Бұл дегеніміз қазақстандықтар қаржы қызметтері туралы ақпаратты алдымен өзінің желілік мүмкіндіктері арқылы қарастырады. Екіншісі, бірдей көрсеткішпен банк бөлімшесін таңдаған респонденттер – 38% құрап отыр. Интернет арқылы - 14%. Жарнама немесе теледидар арқылы - 10%. Өңірлер бойынша да бұл көрсеткіш бірдей деңгейде. Демек, қазақстандықтар қаржы қызметтерін тұтыну бойынша ақпараттанбаған. Оған әртүрлі себептер әсер етеді: қаржы қызметтері туралы әдебиеттердің түсініксіз болуы және т.б. Осы тұста қазақстандықтар белсенді пайдаланатын қаржы қызметінің түрі – несиені тұтынудағы негізгі кедергілерді анықтау сұрағы қойылды. «Артық құжаттар мен кепіл адамдарды талап ету» – 24%, «ресми табыстың айлық несиені төлеу мөлшерінен төмен болуы» – 16%. «Жоғары пайыздық үстемелер» – 52%.

Елімізде қаржы қызметтерін ұсынатын негізгі ұйымдар – екінші дәрежелі банктер. Астана қаласында ҚР Ұлттық Банкінің ресми ақпаратына сәйкес 33 қаржы субъектісінің 15 заңды және жеке тұлғаларға несиелік беру, депозиттік салымдарды қабылдаумен айналысады. Жамбыл облысы, Тараз қаласы бойынша ҚР Ұлттық банкінің ресми ақпаратына сәйкес 33 қаржы субъектісінің 12 несиелік беру, депозиттік салымдарды қабылдаумен айналысады[4].

Респонденттердің әлеуметтік-демографиялық жағдайына тоқталсақ. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің ішінде ер адамдар – 45,5%, ал әйелдер – 47,6%. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің жас мөлшерлері: 18-22 жас аралығында – 22,1%, 23-29 жас аралығында – 28,3%, 30-38 жас аралығында – 26,9%, 38-45 жас аралығында – 13,1%, 45 және одан да жоғары – 2,8%. Зерттеуге қатысқан респонденттердің білім деңгейі; Орта білім – 2,8%, арнайы орта – 10,3%, аяқталмаған жоғары – 12,4%, жоғары – 72,6%. Халықтың қаржылық ғадетін зерттеумен экономикалық теория, экономикалық әлеуметтану,

экономикалық психология ғылымдары айналысады. Нарықтық жүйенің орнығуы мен оның адамдардың ғадетіне әсерін бақылау әлеуметтанушылардың негізгі зерттеу объектісіне айналды. Қаржылық ғадеттің қалыптасуына индивидтің жеке табысы, еңбекке жарамдылығы сияқты экономикалық факторлардан бөлек жынысы, жасы мен отбасылық жағдайы, қаржы институттарына білдіретін сенім деңгейі және т.б. әлеуметтік факторлар әсер етеді. Экономикалық әлеуметтанудың негізгі мақсаты экономикалық ғадетті қалыптастыратын әлеуметтік себептерді анықтап, түсіндіру. Жаңа экономикалық құндылықтар мен талаптар жүйесінде ғадетті түсіндіруде кешендік сараптаманы қажет етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік». ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы//Егемен Қазақстан №4 (01223). 27.01.2017
2. Инвестиции и инновации: Экономический Словарь - справочник от А до Я/ Под ред. Бора М.З., Денисова А.Ю. – М.: «ДИС», 1998, С. 149
3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің статистикалық бюллетені.– 2016. – Т. 98, №11, Қазан. – 9 б.
4. Қазақстанның банктік жүйесі туралы ақпараттық порталы//<http://kazbank.org/credits.php> 22.11.2011
5. Индикаторы уровня бедности из веб-сайта Мирового Банка <http://data.worldbank.org/indicator24.03.2014,28-33> ст.

УДК 622

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Баймахан А.Ж

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

baimakhan.azamat@mail.ru

Ғылыми жетекшісі - Смағамбет Б.Ж.

Қазір елімізде жұмыссыздық деңгейін төмендету, яғни жұмыс бастылықты көтеру мақсатында халықты жұмыспен қамту саясаты жүзеге асырылуда. Осыған байланысты «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы қабылданды. Бұл бағдарламаны орындау аясында 2016 жылға қарай 1,5 миллион адамды жұмыспен қамту қарастырылуда. Бағдарлама негізінен 4 бағыттан құралған болатын. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметтеріне сүйенсек, бірінші бағыт, яғни білім беру және жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу бойынша, кәсіптік білім беру аясында бүгінде 95,7 мың адам білім алып, 58,7 мың адам әлеуметтік жұмыс орындарына орналасып, 31 мың адам халықаралық тәжірибеден өтті. 2016 жылы әлеуметтік жұмыс орындарына 27 373 адам орналасса, 2017жылы 20119 370 адам жұмысқа тұрған. Өткен жылы уақытша жұмыс орындарынан 21,5 %, 2017 жылы 33,3 % тұрақты жұмысқа орналасты.

Екінші бағыт арқылы, ол дегеніміз ауыл тұрғындарын шағын несиенен қамтамасыз ете отырып, ауыл ішіндегі кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу, 11 мың адам кәсіпкерліктің негізі бойынша білім алған. Былтырғы жылы 6572 бағдарлама қатысушысы 12 млрд. 368,3 млн. теңге көлеміндегі шағын несиенен қамтамасыз етілді. Еңбек ресурстарының тиімділігін арттыруды көздейтін келесі бағыт бойынша 2011-2013 жылдарға 1211 тұрғын үйдің құрылысы жоспарланған. Бүгінде соның 801-нің құрылысы аяқталған. Инфрақұрылымды дамыту арқылы халық көп шоғырланған ауылдарды дамыту негізінде 2700 отбасы әлеуеті төмен ауылдардан әлеуметтік - экономикалық даму көрсеткіші жоғары елді мекендерге қоныс аударды. Былтыр төртінші бағыт бойынша «Халық көп қоныстанған ауылдарды дамыту» бағдарламасын іске асыру кезеңі басталған. Нәтижесінде 565 жоба жүзеге асып,